Әділет

# Техникалық инспекция саласында мемлекеттік қызметтер көрсету регламенттерін бекіту туралы

***Күшін жойған***

Ақмола облысы әкімдігінің 2014 жылғы 26 наурыздағы № А-3/106 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 6 мамырда № 4162 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 2015 жылғы 4 тамыздағы № А-8/372 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 04.08.2015 № А-8/372 ( қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабындағы 3-тармағына сәйкес, Ақмола облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) «Тракторлардың және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерінің, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерінің, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналардың кепілін тіркеу және мемлекеттік тіркеу туралы куәлік беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;

2) «Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жүргізу құқығына куәліктер беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;

3) «Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды сенімхат бойынша басқаратын адамдарды тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;

4) «Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнайы жабдығы бар тіркемелерді

қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды нөмірлік тіркеу белгілерін бере отырып, тіркеу, қайта тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;

5) «Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылысы машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жыл сайынғы мемлекеттік техникалық байқаудан өткізу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;

6) «Тракторларға және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерге, монтаждалған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелеріне, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдеріне, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарға ауыртпалықтың жоқ (бар) екендігі туралы ақпарат ұсыну» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақмола облысы әкімінің бірінші орынбасары Р.Қ.Әкімовке жүктелсін.

3. Осы облыс әкімдігінің қаулысы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап 10 күнтізбелік күн аяқталған соң, алайда « Техникалық инспекция саласында мемлекеттік қызметтер көрсету стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 3 наурыздағы № 171 қаулысының қолданысқа енгізілгенінен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Ақмола облысының әкімі* *Қ.Айтмұхаметов*

Ақмола облысы әкімдігінің 2014 жылғы 26 наурыздағы № А-3/106 қаулысымен бекітілді

**«Тракторлардың және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерінің, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерінің, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналардың кепілін тіркеу және мемлекеттік тіркеу туралы куәлік беру » мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті**

## 1. Жалпы ережелер

1. «Тракторлардың және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерінің, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерінің, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналардың кепілін тіркеу және мемлекеттік тіркеу туралы куәлік беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет) облыстың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органдарымен (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетіледі.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету түрі: қағаз түрінде.

3. Тракторлардың және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерінің, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерінің, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналардың кепілін тіркеу және мемлекеттік тіркеу туралы куәлік беру мемлекеттік қызметті көрсетудің нәтижесі болып табылады.

## 2. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшесінің (қызметшілерінің) әрекет ету тәртібінің сипаттамасы

4. Мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 3 наурыздағы № 171 қаулысымен бекітілген «Тракторлардың және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерінің, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерінің, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналардың кепілін тіркеу және мемлекеттік тіркеу туралы куәлік беру» көрсетілетін мемлекеттік қызмет стандартының 9-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынады.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінің құрамына кіретін әр рәсімнің ( әрекеттің) мазмұны, оны орындау ұзақтығы:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі құжаттарды қабылдауды, оларды тіркеуді іске асырады – 20 минут. Нәтижесі – көрсетілетін қызметті алушыға тіркелген өтініштің көшірмесін (кіріс нөмірін; тіркеу күнін; өтінішті қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі мен аты-жөнінің; мемлекеттік қызметті алу күнін (

уақытын) және құжаттарды беру орнын көрсете отырып) беру және бұрыштама қою үшін көрсетілетін қызметті берушінің басшылығына жолдау болып табылады;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшылығы хат-хабармен танысады – 30 минут. Нәтижесі – орындау үшін жауапты орындаушыны белгілеу;

3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы ұсынылған құжаттардың толықтығын, машиналардың кепілдігі туралы шартты немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кепілдік ережелері бар өзге шарттарды өтініште бар мәліметтермен сәйкестілікке тексереді – 1 жұмыс күні. Нәтижесі – өтініштегі деректерді машиналар кепілдігінің тізіліміне енгізеді, машиналар кепілдігі шартын тіркеу туралы белгі басады, машиналар кепілдігін мемлекеттік тіркеу туралы куәлік толтырады және орындалған құжаттарды кеңсеге жолдайды;

4) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі орындалған құжаттарды қабылдайды – 30 минут. Нәтижесі – көрсетілетін қызметті алушыға тіркелген машиналар кепілдігі шартын және машиналар кепілдігі куәлігін беру.

## 3. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде көрсетілетін қызмет берушінің құрылымдық бөлімшесінің (қызметшілерінің) өзара әрекет ету тәртібінің сипаттамасы

6. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысатын құрылымдық бөлімшелерінің (қызметшілерінің) тізбесі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшылығы;

3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы.

7. Әр рәсімнің (әрекеттің) ұзақтығын көрсете отырып, құрылымдық бөлімшелердің (қызметшілердің) арасындағы рәсімдер кезектілігінің сипаттамасы:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі құжаттарды бұрыштама қою үшін басшылыққа жолдайды – 20 минут;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшылығы бұрыштама қояды, құжаттарды жауапты орындаушыға жібереді – 30 минут;

3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы ұсынылған құжаттардың толықтығын, машиналардың кепілдігі туралы шартты немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кепілдік ережелері бар өзге шарттарды өтініште бар мәліметтерге сәйкестікке тексереді, өтініштегі деректерді машиналар кепілдігінің тізіліміне енгізеді, машиналар кепілдігі шартын тіркеу туралы белгі басады, машиналар кепілдігін мемлекеттік тіркеу

туралы куәлік толтырады және орындалған құжаттарды кеңсеге жолдайды – 1 жұмыс күні;

4) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі көрсетілетін қызметті алушыға тіркелген машиналар кепілдігінің шартын және машиналар кепілдігінің куәлігін береді – 30 минут.

8. Рәсімдердің (әрекеттердің) кезеңділігін сипаттау осы Регламенттің 1-қосымшасына сәйкес блок-схемамен сүйемелденеді.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - Ақмола облысы әкімдігінің 28.11.2014 № А-11/574 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

9. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметшілерінің) өзара әрекетінің, рәсімдер (әрекеттер) кезеңділігінің толық сипаттамасы осы регламенттің 2-қосымшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығында көрсетіледі.

Ескерту. Регламент 9-тармақпен толықтырылды - Ақмола облысы әкімдігінің 28.11.2014 № А-11/574 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

«Тракторларды және олардың базасында шығарылған өздігінен жүретін шассилар мен механизмдерді, монтаждалған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерінің, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік, жол-құрылыс машиналары мен механизмдерді, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналардың кепілін тіркеу және мемлекеттік тіркеу туралы куәлік беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 1-қосымша

## Кезектілік сипаттамасының және ҚФБ әкімшілік әрекеттерінің өзара әрекет етуінің блок-схемасы

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Ақмола облысы әкімдігінің 28.11.2014 № А-11/574 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.




*ҚФБ - құрылымдық - функционалдық бірлік

«Тракторларды және олардың базасында шығарылған өздігінен жүретін шассилар мен механизмдерді, монтаждалған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерінің, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік, жол-құрылыс машиналары мен механизмдерді, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналардың кепілін тіркеу және мемлекеттік тіркеу туралы куәлік беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 2-қосымша

## «Тракторларды және олардың базасында шығарылған өздігінен жүретін шассилар мен механизмдерді, монтаждалған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерінің, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік, жол-құрылыс машиналары мен механизмдерді, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналардың кепілін тіркеу және мемлекеттік тіркеу туралы куәлік беру » мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті бизнес-процестерінің анықтамалығы

Ескерту. Регламент 2-қосымшамен толықтырылды - Ақмола облысы әкімдігінің 28.11.2014 № А-11/574 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.




*ҚФБ - құрылымдық - функционалдық бірлік: қызмет берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызм «электрондық үкімет» веб-порталының өзара әрекет етуі;



- мемлекеттік қызметті көрсетудің басталуы немесе аяқталуы;
- қызмет алушының және (немесе) ҚФБ рәсімінің (әрекетінің) атауы;
- келесі рәсімге (әрекетке) өту.

Ақмола облысы әкімдігінің 2014 жылғы 26 наурыздағы № А-3/106 қаулысымен бекітілді

## «Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жүргізу құқығына куәліктер беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметтің регламенті

### 1. Жалпы ережелер

1. «Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жүргізу құқығына куәліктер беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін

қызмет) облыстың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органдарымен (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші), сондай-ақ « электрондық үкімет» www.e.gov.kz веб-порталы арқылы көрсетіледі.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету түрі: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі болып табылады:

1) көрсетілетін қызметті берушіге өтініш білдірілген кезде - Тракторлардың және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерінің, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерінің, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналардың кепілін тіркеу және мемлекеттік тіркеу туралы куәлік беру (бұдан әрі – тракторшы-машинист куәлігі), қағаз түрінде тракторшы-машинист куәлігінің телнұсқасын беру;

2) порталда – көрсетілетін қызметті алушының тракторшы-машинист куәлігін немесе тракторшы-машинист куәлігінің телнұсқасын алуына болатын мекенжайды көрсете отырып, рұқсат беру құжатының дайындығы туралы хабарлама.

## 2. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшесінің (қызметшілерінің) әрекет ету тәртібінің сипаттамасы

4. Мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызмет алушы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 3 наурыздағы № 171 қаулысымен бекітілген «Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жүргізу құқығына куәліктер беру» мемлекеттік қызмет стандартының (бұдан әрі – Стандарт) 9-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынады.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінің құрамына кіретін әр рәсімнің ( әрекеттің) мазмұны, оны орындау ұзақтығы:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі құжаттарды қабылдауды, оларды тіркеуді іске асырады – 30 минут. Нәтижесі – көрсетілетін қызметті алушыға тіркелген өтініштің көшірмесін (кіріс нөмірін; тіркеу күнін; өтінішті қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі мен аты-жөнінің; мемлекеттік қызметті алу күнін ( уақытын) және құжаттарды беру орнын көрсете отырып) беру және бұрыштама қою үшін көрсетілетін қызметті берушінің басшылығына жолдау;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшылығы хат-хабармен танысады – 30 минут. Нәтижесі – орындау үшін жауапты орындаушыны белгілеу;

3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы ұсынылған құжаттардың өтініште көрсетілген мәліметтерге сәйкестілігінің толықтығын тексереді – 1 жұмыс күні. Нәтижесі 1 – ұсынылған құжаттар сәйкес келген жағдайда құжаттарды емтихан комиссиясына жолдау;

Нәтижесі 2 - көрсетілетін қызметті алушының көрсетілетін қызметті берушіге өтініш білдіру орны бойынша куәлік беру туралы мәлімет болмаған жағдайда – куәлік берген емтихан пунктіне сұрау салу жолдау;

4) емтихан пункті – куәлік беру кітабындағы жазуды нақтылайды – 14 жұмыс күні. Нәтижесі – көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысына жауап жолдау;

4-1) емтихан комиссиясы – теориялық емтихан қабылдайды, емтихан тапсыру нәтижелері емтихан парағына енгізіледі, хаттама толтырады – 30 минут. Нәтижесі – емтиханға қатысқан емтихан комиссиясының барлық мүшелері хаттамаға қол қоюы және көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысына жолдау;

5) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы тракторшы-машинист куәлігін жазады, оның сериясы мен нөмірі тракторшы-машинист куәлігін беру кітабына нөмір реті бойынша жазылады, сондай-ақ оқудан өткендігі туралы куәлік пен тракторшы-машинист карточкасына жазады – 30 минут (емтихан пунктінен жауап алынған жағдайда – 12 жұмыс күні). Нәтижесі – дайын нәтижені көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне жолдау;

6) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі орындалған құжаттарды қабылдайды – 30 минут. Нәтижесі – көрсетілетін қызметті алушыға тракторшы-машинист куәлігін (тракторшы-машинист куәлігінің телнұсқасын) беру.

## 3. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшесінің (қызметшілерінің) өзара әрекет ету тәртібінің сипаттамасы

6. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысатын құрылымдық бөлімшелерінің (қызметшілерінің) тізбесі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшылығы;

3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы;

4) емтихан комиссиясы.

7. Әр рәсімнің (әрекеттің) ұзақтығын көрсете отырып, құрылымдық бөлімшелердің (қызметшілердің) арасындағы рәсімдер кезектілігінің сипаттамасы:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі құжаттарды қабылдауды, оларды тіркеуді іске асырады, көрсетілетін қызметті алушыға тіркелген өтініштің көшірмесін (кіріс нөмірін; тіркеу күнін; өтінішті қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі мен аты-жөнінің; мемлекеттік қызметті алу күнін (уақытын) және құжаттарды беру орнын көрсете отырып) беру және бұрыштама қою үшін көрсетілетін қызметті берушінің басшылығына жолдайды – 30 минут;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшылығы хат-хабармен танысады, орындау үшін жауапты орындаушыны белгілейді – 30 минут;

3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы ұсынылған құжаттардың өтініште көрсетілген мәліметтерге сәйкестілігінің толықтығын тексереді (ұсынылған құжаттар сәйкес келген жағдайда құжаттарды емтихан комиссиясына жолдау, көрсетілетін қызметті алушының көрсетілетін қызметті берушіге өтініш білдіру орны бойынша куәлік беру туралы мәлімет болмаған жағдайда – куәлік берген емтихан пунктіне сұрау салу жолдайды) – 1 жұмыс күні ;

4) емтихан пункті – куәлік беру кітабындағы жазуды нақтылайды, көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысына жауап жолдайды – 14 жұмыс күні;

4-1) емтихан комиссиясы – теориялық емтихан қабылдайды, емтихан тапсыру нәтижелері емтихан парағына енгізіледі, хаттама толтырады, емтиханға қатысқан емтихан комиссиясының барлық мүшелері хаттамаға қол қоюы және көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысына жолдайды – 30 минут ;

5) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы тракторшы-машинист куәлігін жазады, оның сериясы мен нөмірі тракторшы-машинист куәлігін беру кітабына нөмір реті бойынша жазылады, сондай-ақ оқудан өткендігі туралы куәлік пен тракторшы-машинист карточкасына жазады (емтихан пунктінен жауап алынған жағдайда – 12 жұмыс күні), дайын нәтижені көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне жолдайды – 30 минут;

6) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі орындалған құжаттарды қабылдайды, көрсетілетін қызметті алушыға тракторшы-машинист куәлігін ( тракторшы-машинист куәлігінің телнұсқасын) береді – 30 минут.

8. Рәсімдердің (әрекеттердің) кезеңділігін сипаттау осы регламенттің 1-қосымшасына сәйкес блок-схемамен сүйемелденеді.

## 4. «Электрондық үкіметтің» www.e.gov.kz веб-порталы арқылы өзара әрекет етудің, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді пайдаланудың тәртібін сипаттау

9. «Электрондық үкіметтің» www.e.gov.kz веб-порталы (бұдан әрі - Портал) арқылы көрсетілетін қызметті берушінің қадамдық әрекеттері және шешімдері:

1) көрсетілетін қызметті алушы жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН) және бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН), сондай-ақ пароль (Порталда тіркелмеген көрсетілетін қызметті алушы үшін жүзеге асырылады) көмегімен Порталда тіркелуді жүзеге асырады;

2) 1-процесс – қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушымен ЖСН/БСН және парольді Порталда енгізуі (авторизациялау процесі);

3) 1-шарт – Порталда тіркелген көрсетілетін қызметті алушы туралы мәліметтердің дұрыстығын ЖСН/БСН және пароль арқылы тексеру;

4) 2-процесс – Порталмен көрсетілетін қызметті алушының мәліметтерінде орын алған бұзушылықтарға байланысты авторизациялаудан бас тарту туралы хабарлама құрастыру;

5) 3-процесс – көрсетілетін қызметті алушының осы регламентте көрсетілген қызметті таңдауы, қызмет көрсету үшін сұрау салу нысанын экранға шығару, Стандарттың 9-тармағында көрсетілген электронды түрде қажетті құжаттардың көшірмелеріне сұрау салу нысанына бекітілген құрылымы мен форматтық талаптарды ескере отырып, көрсетілетін қызметті алушымен нысандарды толтыруы (деректерді енгізу), сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушының сұрау салуды растауы (қол қою) үшін электрондық цифрлық қолтаңбаның (бұдан әрі – ЭЦҚ) тіркеу куәлігін алуы;

6) 2-шарт – Порталда ЭЦҚ тіркеу куәлігінің қолдану мерзімін және кері қайтарылған (жойылған) тіркеу куәліктерінің тізімінде жоқтығын, сондай-ақ сәйкестендіру мәліметтерінің (сұрау салуда көрсетілген ЖСН/БСН және ЭЦҚ тіркеу куәлігінде көрсетілген ЖСН/БСН арасындағы) сәйкестілігін тексеру;

7) 4-процесс – көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ түпнұсқалының расталмауына байланысты сұратылып отырған қызметтен бас тарту туралы хабарлама құрастыру;

8) 5-процесс – көрсетілетін қызметті берушімен сұрау салуды пысықтау үшін «электрондық үкімет» өңірлік шлюзінің автоматтандырылған жұмыс орнына ( бұдан әрі – ЭҮӨШ АЖО) «электрондық үкімет» шлюзі (бұдан әрі – ЭҮШ) арқылы көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ расталған (қол қойылған) электрондық құжатты (көрсетілетін қызметті алушының сұрау салуын) жолдау;

9) 3-шарт – көрсетілетін қызметті берушімен Стандартта көрсетілген көрсетілетін қызметті алушының қоса ұсынған құжаттарының сәйкестілігін және

қызмет көрсету үшін негіздемені тексереді;

10) 6-процесс – көрсетілетін қызметті алушының құжаттарында бұзушылықтар орын алған жағдайда сұратылып отырған қызметтен бас тарту туралы хабарлама құрастыру;

11) 7-процесс – көрсетілетін қызметті алушының Порталмен құрастырылған қызмет нәтижелерін алуы (электрондық құжат нысанындағы хабарлама). Электрондық құжат көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ пайдалана отырып құрастырылады.

10. Портал арқылы мемлекеттік қызмет көрсету барысында тартылған ақпараттық жүйелердің өзара функционалды әрекет етуі осы регламенттің 2-қосымшасына сәйкес диаграммамен берілген.

11. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметшілерінің) өзара әрекетінің, рәсімдер (әрекеттер) кезеңділігінің толық сипаттамасы, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді қолдану тәртібін сипаттау осы регламенттің 3-ші және 4-қосымшаларына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-анықтамалығында көрсетіледі.

Ескерту. Регламент 11-тармақпен толықтырылды - Ақмола облысы әкімдігінің 28.11.2014 № А-11/574 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

«Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жүргізу құқығына куәліктер беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 1-қосымша

## Рәсімдеулердің (әрекеттердің) кезеңділігін сипаттау




«Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жүргізу құқығына куәліктер беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 2-қосымша

## Портал арқылы мемлекеттік қызмет көрсету кезіндегі функционалдық өзара әрекет етудің диаграммасы




«Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилар мен механизмдерді, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жүргізу құқығына куәлік беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 3-қосымша

## «Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилар мен механизмдерді, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жүргізу құқығына куәлік беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті бизнес-процестерінің анықтамалығы

Ескерту. Регламент 3-қосымшамен толықтырылды - Ақмола облысы әкімдігінің 28.11.2014 № А-11/574 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.







*ҚФБ - құрылымдық - функционалдық бірлік: қызмет берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қыз «электрондық үкімет» веб-порталының өзара әрекет етуі;

- мемлекеттік қызметті көрсетудің басталуы немесе аяқталуы;

- қызмет алушының және (немесе) ҚФБ рәсімінің (әрекетінің) атауы;

- келесі рәсімге (әрекетке) өту.

«Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилар мен механизмдерді, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жүргізу құқығына куәлік беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 4-қосымша

## «Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилар мен механизмдерді, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жүргізу құқығына куәлік беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті бизнес-процестерінің анықтамалығы

Ескерту. Регламент 4-қосымшамен толықтырылды - Ақмола облысы әкімдігінің 28.11.2014 № А-11/574 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.




*ҚФБ - құрылымдық - функционалдық бірлік: қызмет берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызм «электрондық үкімет» веб-порталының өзара әрекет етуі;




Ақмола облысы әкімдігінің 2014 жылғы 26 наурыздағы № А-3/106 қаулысымен бекітілді

## «Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды сенімхат бойынша басқаратын адамдарды тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

### 1. Жалпы ережелер

1. «Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ

жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды сенімхат бойынша басқаратын адамдарды тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет) облыстың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органдарымен (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетіледі.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету түрі: қағаз.

3. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижесі көлік басқаруға арналған сенімхатқа мөртаңба басу болып табылады.

## 2. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшесінің (қызметшілерінің) әрекет ету тәртібінің сипаттамасы

4. Мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы немесе оның өкілі (нотариуспен куәландырылған сенімхат бойынша) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 3 наурыздағы № 171 қаулысымен бекітілген « Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды сенімхат бойынша басқаратын адамдарды тіркеу» мемлекеттік қызмет стандартының 9-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынады.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінің құрамына кіретін әр рәсімнің ( әрекеттің) мазмұны, оны орындау ұзақтығы:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі құжаттарды қабылдауды, оларды тіркеуді іске асырады – 20 минут. Нәтижесі – көрсетілетін қызметті алушыға тіркелген өтініштің көшірмесін (кіріс нөмірін; тіркеу күнін; өтінішті қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі мен аты-жөнінің бас әріптерін; мемлекеттік қызметті алу күнін (уақытын) және құжаттарды беру орнын көрсете отырып) беру және бұрыштама қою үшін көрсетілетін қызметті берушінің басшылығына жолдау;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшылығы хат-хабармен танысады – 30 минут. Нәтижесі – орындау үшін жауапты орындаушыны белгілеу;

3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді – 1 жұмыс күні. Нәтижесі – көлікті басқару сенімхатына мөртабан басу және орындалған құжаттарды кеңсеге жолдау;

4) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі орындалған құжаттарды қабылдайды – 30 минут. Нәтижесі – мөртабан басу арқылы көрсетілетін қызметті алушыға көлікті басқаруға сенімхат беру.

**3. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшесінің (қызметшілерінің) өзара әрекет ету тәртібінің сипаттамасы**

6. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысатын құрылымдық бөлімшелерінің (қызметшілерінің) тізбесі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшылығы;

3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы.

7. Әр рәсімнің (әрекеттің) ұзақтығын көрсете отырып, құрылымдық бөлімшелердің (қызметшілердің) арасындағы рәсімдер кезектілігінің сипаттамасы:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі құжаттарды бұрыштама қою үшін басшылыққа жолдайды – 20 минут;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшылығы бұрыштама қояды, құжаттарды жауапты орындаушыға жібереді – 30 минут;

3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді, көлікті басқару сенімхатына мөртабан басады және орындалған құжаттарды кеңсеге жолдайды – 1 жұмыс күні;

4) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі басылған мөртабанмен көлікті басқаруға сенімхат береді.

8. Рәсімдердің (әрекеттердің) кезеңділігін сипаттау осы регламенттің 1-қосымшасына сәйкес блок-схемамен сүйемелденеді.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - Ақмола облысы әкімдігінің 28.11.2014 № А-11/574 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

9. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметшілерінің) өзара әрекетінің, рәсімдер (әрекеттер) кезеңділігінің толық сипаттамасы осы регламенттің 2-қосымшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығында көрсетіледі.

Ескерту. Регламент 9-тармақпен толықтырылды - Ақмола облысы әкімдігінің 28.11.2014 № А-11/574 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

«Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін,

сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды сенімхат бойынша басқаратын адамдарды тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 1-қосымша

## Кезектіліктің сипаттамасы және ҚФБ әкімшілік әрекеттерінің өзара әрекеті блок-схемасы

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Ақмола облысы әкімдігінің 28.11.2014 № А-11/574 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.




*ҚФБ - құрылымдық - функционалдық бірлік

«Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды сенімхат бойынша басқаратын адамдарды тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 2-қосымша

## «Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін,

**сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды сенімхат бойынша басқаратын адамдарды тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті бизнес-процестерінің анықтамалығы**

Ескерту. Регламент 2-қосымшамен толықтырылды - Ақмола облысы әкімдігінің 28.11.2014 № А-11/574 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.




Ақмола облысы әкімдігінің 2014 жылғы 26 наурыздағы № А-3/106 қаулысымен бекітілді

**«Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен**

**механизмдерін, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды нөмірлік тіркеу белгілерін бере отырып, тіркеу, қайта тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті**

## 1. Жалпы ережелер

1. «Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды нөмірлік тіркеу белгілерін бере отырып, тіркеу, қайта тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызметті (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет) облыстың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органдарымен (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетіледі.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету түрі: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

3. Тіркеу құжаттарын (телнұсқасын) және мемлекеттік нөмірлік тіркеу белгілерін беру мемлекеттік қызметті көрсетудің нәтижесі болып табылады.

## 2. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшесінің (қызметшілерінің) әрекеті тәртібінің сипаттамасы

